

**"Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманы бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі № 570 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 4 қыркүйекте № 12020 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

«Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына және 16-бабының 2-тармағына с ә й к е с , **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6334 болып тіркелген, 2010 жылғы 28 шілдеде № 196 (26257)) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснама, осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушы  
Т. Жақсылықов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
А. С. Мамытбеков \_\_\_\_\_

2015 ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 24 шілдедегі  
№ 570 бұйрығына қосымша

## **Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснама**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснама «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына және 16-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасындағы әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүзеге асыру әдісін (бұдан әрі – Әдіснама) айқындайды.

2. Статистикалық әдіснаманың негізгі міндеті үй шаруашылықтары және шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтер әкімдерінің әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің дәйектілігін және оларды ұсынуын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Осы Әдіснамада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әр шаруашылық бойынша есепке алу – үй шаруашылықтары мен шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша әкімшілік деректерді қалыптастыру процесі;

2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласындағы басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы);

Электронды түрде әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізудің

бағдарламалық қамтамасыз етуі (бұдан әрі – ЭӘШБЕА БҚ) – кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдеріне әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін енгізу, түзету және сақтауды жүзеге асыруға, сонымен қатар енгізілген ақпарат негізінде жиынтықталған деректерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету.

ЭӘШБЕА БҚ үй шаруашылықтары және шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша деректерді тіркеудің бірыңғай көп деңгейлі жүйесін білдіреді және уәкілетті органның ведомствосы статистикалық мақсаттар үшін қолданады.

ЭӘШБЕА БҚ уәкілетті органның ведомствосымен әр шаруашылық бойынша есепке алудың сапасын жақсарту және тиісті деректерді қалыптастыру және өңдеу, уәкілетті органның ведомствосына тапсыру бойынша үдерістерді автоматтандыру жолымен кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерінің еңбек шығындарын қысқарту мақсатында өтеусіз негізде әзірлеген.

ЭӘШБЕА БҚ қызмет етуі «Е-статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйе шеңберінде жүзеге асырылады. ЭӘШБЕА БҚ орнату файлдары және оны қолдану бойынша нұсқау уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында еркін қолжетімді орналастырылған ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)).

ЭӘШБЕА БҚ деректерді енгізу және түзету ЭӘШБЕА БҚ санкцияланбаған қолжетімділікті болдырмауды қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылады.

#### 4. Осы Әдіснаманы сақтау:

- 1) әкімшілік деректер мен алғашқы статистикалық ақпараттың құпиялылығын;
- 2) әр шаруашылық бойынша есепке алу мен басқа да статистикалық байқаулар арасындағы үйлестіруді қамтамасыз етеді.

## 2. Тіркеу жазбаларын жүргізу

5. ЭӘШБЕА БҚ-да әр шаруашылық бойынша есепке алудың тіркеу жазбаларын енгізу үшін бес жыл мерзімге есептелген, келесі жұмыс дәптерлері басталады:

осы Әдіснаманың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша үй шаруашылықтарын есепке алу дәптері (бұдан әрі – ҮШЕА дәптері);

осы Әдіснаманың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шаруа немесе фермер қожалықтарын есепке алу дәптері (бұдан әрі – ШФҚЕА дәптері).

Жұмыс дәптерлері кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері үй шаруашылықтарын, шаруа немесе фермер қожалықтарын аралау кезінде мәліметтерді одан әрі ЭӘШБЕА БҚ ауыстыру үшін көмекші құрал ретінде қолдануына арналған.

Бес жылдық мерзім аяқталған соң кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері жұмыс дәптерлеріне қажеттілігін анықтайды және 2020 жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде жұмыс дәптерінің қажет саны бойынша ақпаратты статистика органдарына ұсынады.

## 6. Уәкілетті органның ведомствосы:

1) кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін жұмыс дәптерімен қамтамасыз етеді;

2) ЭӘШБЕА БҚ жетілдіреді;

3) әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізудің ұйымдық және әдіснамалық қағидаттарын әзірлейді және жетілдіреді.

7. Әр шаруашылық бойынша есепке алуды кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері өздеріне бағынысты елді мекендер бойынша жүргізеді. ЭӘШБЕА БҚ ақпараттың сақталуын, уақтылы және дұрыс енгізілуін кенттің, ауылдың, ауылдық округ әкімі қамтамасыз етеді.

8. Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін есепті жылғы 1 қаңтардағы және 1 шілдедегі жағдай бойынша өзектендіру жүргізеді. Әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін өзектендіру 1 мен 20 қаңтар және 1 мен 20 шілде аралығы кезеңінде барлық аулаларды аралап шығу және халыққа, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтарының басшыларына сауалнама жүргізу арқылы жұмыс дәптерін қолдана отырып, ЭӘШБЕА БҚ деректерді әрі қарай тасымалдайды (түзетеді).

Әр шаруашылық бойынша есепке алу ақпараттарының өзгерісі туралы мәліметтерді азаматтар мен шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарына жүгінуіне қарай қажеттігіне қарай өз бетінше ұсынады. Әкімдер және жергілікті атқарушы органның мамандары мұндай өтініш түскен кезде көрсетілген мәліметтерді ЭӘШБЕА БҚ енгізгендері жөн.

Егер болған өзгерістер туралы дәйекті ақпараттар бар болса кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері басқа күндердегі жағдай бойынша ЭӘШБЕА БҚ деректерді өз бетінше өзектендіреді.

ЭӘШБЕА БҚ деректерді енгізу әр шаруашылықты міндетті аралаудан кейін немесе азаматтардан немесе шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары өтініш білдіргеннен кейін жүзеге асырылады.

9. Жекелеген тұрғын үйлердің, ұсақ елді мекендердің және шаруа немесе фермер қожалықтарының қамтылмай қалуын болдырмау үшін жергілікті атқарушы органның маманы әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін өзектендіру алдында кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағында орналасқан барлық ұсақ елді мекендерді және жеке орналасқан тұрғын үйлерді (жол айрықтарының, қыстаулардың, мал жайылымдарының, кіші шаруашылықтардың, станциялардың) қоса алғанда, барлық үй шаруашылықтарының және шаруа немесе фермер қожалықтарының тізімін нақтылайды, сонымен қатар Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағында ведомстволық үйлерде, қосалқы шаруашылықтарда, мал жайылымдарында, жатақханаларда, оқушыларға арналған интернаттарда, балалар үйлерінде, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйлерінде, ауруханаларда тұратын азаматтардың

отбасыларының

болуын

тексереді.

10. Жергілікті атқарушы органның маманы барлық үй шаруашылықтарын және шаруа немесе фермер қожалықтарын 20 күнтізбелік күн ішінде (қаңтардың 1-інен 20-ына дейін және шілденің 1-інен 20-ына дейін) жеке аралап және осы мерзімде әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін өзектендіруді жүзеге асыра алмайтын ірі елді мекендерде кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі оған көмекке жергілікті атқарушы органның басқа мамандарын қосымша тартады. Осы мақсатта жергілікті атқарушы органның маманы елді мекендердің және шаруа немесе фермер қожалықтарының тізімдерін нақтылағаннан кейін, оны жекелеген шеткі учаскелерге бөледі, бұл учаскелерді жұмысқа тартылған мамандар арасында бөледі және бұл тізімді кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкіміне бекітуге ұсынады. Өз шешімінде кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі жұмысқа тартылған мамандар тізімін бекітеді және осы жұмысты кімнің, қай елді мекендерде, қай көшелерде (ірі елді мекендерде) жүргізуі керек екендігін тапсырады. Жұмысқа тартылған мамандардың барлық жұмысына кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі басшылық жасайды. Тіркеу жазбаларды тексеру мен нақтылау, толтыру үшін жұмыс дәптерлері әкімдерге тартылған мамандарға беріледі. Жазбалардың ресімделу дұрыстығын, енгізілген нақтылаулардың негізділігі мен дәлділігін бақылай отырып, әкім әр маманнан толтырылған жұмыс дәптерлерін жеке қабылдайды.

11. Статистика органдарына әр шаруашылық бойынша есепке алу жөніндегі жиынтықталған деректерді ұсыну:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 77 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10075 болып тіркелген, «Үй шаруашылықтарындағы мал мен құстың, ауылшаруашылық техникасының және құрылыстардың нақты бары туралы мәліметтер» (коды 1761103, индексі 7-ж (халық) – кезеңділігі жартыжылдық) (бұдан әрі – 7-ж статистикалық нысан) және «Үй шаруашылықтарында пайдаланатын жердің бары туралы мәліметтер» (коды 1771104, индексі 7-р (халық) – кезеңділігі жылдық (бұдан әрі – 7-р статистикалық нысан), «Шаруа немесе фермер қожалықтарындағы мал мен құстың, ауыл шаруашылығы техникасының және құрылыстардың нақты бары туралы мәліметтер» (коды 1731103, индексі 6-ж (фермер) – кезеңділігі жартыжылдық) (бұдан әрі – 6-ж статистикалық нысан), «Шаруа немесе фермер қожалықтарында пайдаланатын жердің және егістік алқаптарының нақты бары туралы мәліметтер» (коды 1741104, индексі 6-р (фермер) – кезеңділігі жылдық) (бұдан әрі – 6-р статистикалық нысан) жалпымемлекеттік статистикалық байқауларының статистикалық нысандарында қатаң түрде белгіленген мерзімде қағаз жүзінде;

электронды түрде (электронды тасығыштарда) үй шаруашылықтары және шаруа немесе фермер қожалықтары бөлінісінде жүзеге асырылады.

12. Әр шаруашылық бойынша есепке алу деректері: уәкілетті орган ведомствосы – статистикалық тіркелімдерді өзектендіру үшін; жергілікті атқарушы органдар – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз қызметін орындау үшін.

### 3. Үй шаруашылықтары бойынша жазбаларды жүргізу тәртібі

13. Әр шаруашылық бойынша есепке алумен кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағында тұрақты немесе уақытша тұрып жатқан барлық шаруашылық мүшелері олардың елді мекенде орналасу реті бойынша құрылысы, мекені, малы бар болуына қарамастан қамтылады.

Уақытша тұратындар қатарында халықтың келесі санаттары есепке алынады:

1) кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағына 3 айдан көп мерзімге келгендерге: оқу орнының орналасқан жері бойынша оқу кезеңінде тұрып, оқып жатқандар (оқу орындарының жатақханаларында, мектеп жанындағы интернаттарда); балалар үйінде тәрбиеленушілер; мүгедектер және қарттар үйіндегі мүгедектер мен қарттар; ауруханаларда ұзақ мерзімді ем алып жатқан науқастар; уақытша және маусымды жұмысқа, сондай-ақ шарт бойынша жұмысқа келген адамдар;

қалалық мекендерде тіркеліп, бірақ іс жүзінде кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағында тұратын азаматтар; әскери қызметшілердің әскери қызметтен өтетін орнына келген және кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағында тұратын әскери қызметкерлердің отбасы есепке алынады;

2) кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағына маусымды немесе уақытша жұмысқа келген азаматтарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде босатылған және кенттер, ауылдар, ауылдық округтер аумағында белгілі бір уақыт ішінде тұрып жатқандар;

3) жазғы мерзімге тұрғын үй жалдайтын адамдар және кенттің, ауылдың, ауылдық округ аумағында орналасқан саяжай иелері (салушылары) қалалық мекенде тұрғылықты тұратындар және тіркелгендер тіркеу жазбаларында есепке алынбайды.

Уақытша тұратын адамдардың санатын анықтау үшін уақытша тұру мерзімі критерий ретінде белгіленбеген және жұмыстың, емделудің, оқудың және басқа да негіздермен басталу және аяқталу мерзімімен анықталады.

Уақытша тұратындардың жазбалары олардың кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағына келген сәтінен бастап 3 жұмыс күннен кешіктірілмей енгізіледі. Бұл ретте шаруашылықтың барлық мүшелері ЭӘШБЕА БҚ кіреді.

Жұмысшылар және білім беру, денсаулық сақтау, балалар үйі, мүгедектерге

арналған үйлер мекемелерде қызмет көрсететін қызметшілер және осы мекенде тұрақты тұратындар кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағында уақытша тұратындар болып саналмайды, тұрғылықты жері бойынша әр шаруашылық бойынша есепке алу есепке алынады.

14. Ұсақ елді мекендердің (қыстақтардың, ормандағы күзет үйлерінің, теміржол күркелерінің) шаруашылықтары олар жақын орналасқан ірі елді мекеннің ЭӘШБЕА БҚ енгізіледі.

15. Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері елді мекендер бойынша жұмыс дәптерлерін сәйкестендіру үшін әр жұмыс дәптерінің титулдық парағында осы елді мекендер шаруашылықтарының дербес шоттары немесе шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша жеке-жеке мәліметтер орналасқан беттер нөмірлерінің әрқайсысына қарама-қарсы жерде белгісі бар елді мекендердің атауын жазу ұсынылады. Ірі елді мекендер үшін жасалған жұмыс дәптерлерінде елді мекеннің атауынан басқа көшелердің атауларын, олардың әрбіреуіне қарама-қарсы жерінде осы көшелердегі шаруашылықтардың дербес шоттары орналасқан бет нөмірлеріне белгілей отырып жазып алу ұсынылады.

16. Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері ЭӘШБЕА БҚ барлық үй шаруашылықтары үшін дербес шоттар нөмірлерін (тіркеу жазбаларында үй шаруашылықтары жазбаларының реттік нөмірі) құруға және жүргізуге міндетті. Дербес шоттың нөмірі осы үй шаруашылығы үшін барлық мерзімге немесе үй шаруашылығының жабылуына дейінгі мерзімге дейін тұрақты болып табылады. Үй шаруашылығының дербес шотының нөмірі бойынша қажеттілігіне қарай ЭӘШБЕА БҚ малдың бары бойынша ақпаратты қалыптастырылады.

17. Әр шаруашылық бойынша ЭӘШБЕА БҚ-ға үй шаруашылықтары бойынша деректерді енгізу кезінде ең алдымен: дербес шоттың нөмірі; жер учаскесінің кадастрлік нөмірі; үй шаруашылығының мекенжайы толтырылады.

18. «Үй шаруашылығы мүшелерінің тізімі» I бөлімінде әр жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша өзектендіріледі және деректер келесі тәртіппен енгізіледі:

әрбір нақты жағдайда үй шаруашылығының жалпы келісімі бойынша кәмелетке толған мүшелер болып айқындалатын үй шаруашылығының мүшесі бірінші болып жазылады және дербес шотта ол адам бірінші енгізіледі. Одан соң үй шаруашылығының қалған барлық бар мүшелері және уақытша жоқ мүшелері жазылады ;

әрбір үй шаруашылығының мүшесіне жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) қойылады. ЖСН – жеке тұлға, оның ішінде қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір. Егер үй шаруашылығының мүшесінде немесе үй шаруашылығының мүшелерінде жеке

сәйкестендіру нөмірі болмаса немесе жоқ болса, оны ресімдеу үшін аумақтық ішкі істер органдарына жүгіну қажет; үй шаруашылығының барлық мүшелерінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) толық, бұрмалаусыз және қысқартусыз енгізіледі.

«Жынысы» деген жолда осы жолда көрсетілген біреуіне сәйкес келетін код қойылады.

«Бірінші жазылған үй шаруашылығы мүшесіне қатынасы» деген жолда бірінші жазылған үй шаруашылығы мүшесі тегінің, атының, әкесінің атының астына «бірінші жазылған тұлға» деген 1 – код қойылады, ал қалған үй шаруашылығы мүшелеріне осы жолда келтірілгендердің біреуіне сәйкес келетін кодтар қойылады.

«Ұлты» деген жолда осы Әдіснаманың 3-қосымшасына сәйкес код қойылады. Балалардың ұлтын ата-анасы немесе оларға қамқорлық жасайтын адамдар айқындайды.

Осы елді мекенде уақытша тұратындарға «V» белгісі қойылады.

«Оқиға күнін көрсетіңіз» деген жолда тиісті оқиға (туылуы, қайтыс болуы, келуі, кетуі) көрсетіледі, бұл ретте күні (күні, айы және жылы) толық көрсетіледі. Оқиға күні үй шаруашылығы иесінің сөзінен немесе тиісті құжаттарды (төлқұжат, жеке куәлік, туу, қайтыс болу, неке қию және ажырасу туралы куәлік және акт) ұсынған кезде көрсетіледі. Сонымен қатар оқиға, қызметке немесе басқа себептерге байланысты уақытша (1 жыл немесе одан көп уақытқа) кеткен адамдардың келген немесе шығып кеткен оқиғаларының күні жазылады.

«Кету туралы таңба» жолында кенттен, ауылдан, ауылдық округтен тыс жерлерге шыққан, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің осы аумағына тұрақты тұруға қоныс аударған адамдардың кеткен айы мен жылы және кету себебі, сондай-ақ қайтыс болғандар жөнінде көрсетіледі.

«Білім деңгейі» деген жолда шаруашылықтың барлық мүшесіне осы Әдіснаманың 4-қосымшасына сәйкес кодтар қойылады.

«Білім беру ұйымдарында білім алушылар» деген жолда шаруашылықтардың барлық мүшелеріне осы Әдіснаманың 5-қосымшасына сәйкес кодтар қойылады. Деректер әр жолдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша енгізіледі.

«Жұмыспен қамтылу жағдайы» деген жолда шаруашылықтың барлық мүшесіне осы Әдіснаманың 6-қосымшасына сәйкес кодтар қойылады. Жұмыспен қамтылу жағдайы 15 және одан жоғары жастағыларға ғана толтырылады. Бұл жас шамалары: төменгі жас шегі – 15 жас (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 30-бабына сәйкес), жоғарғы жас шегі – шектелмеген (ересек халықтың еңбек қызметін толық қамту мақсатында Халықаралық еңбек ұйымының ұсынымдарына сәйкес) болып қабылданған.

«Күнкөрістің қаражат көзі» деген жолда шаруашылықтың барлық мүшелеріне осы Әдіснаманың 7-қосымшасына сәйкес кодтар қойылады.

19. II «Тұрғын үй жағдайлары» бөлімінде тұрғын үй туралы, тұрғын үйдің жағдайы туралы, меншіктің түрі туралы, (жеке, мемлекеттік, ведомстволық, қызметтік) алаң



мөлшері, бөлме саны туралы, абаттандырылуы және сыртқы қабырғалар материалдары туралы деректер енгізіледі.

Үйдің сәйкестендіру коды (IKD бірегей коды) орталықтан беріледі, яғни Тұрғын үй қорының статистикалық тіркеліміне жазу кезінде республикалық деңгейде әрбір үйге беріледі.

Мекенжайдың тіркеу коды (бұдан әрі - МТК коды) – бұл «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесімен бірігетін мекенжай беру объектісінің бірегей коды. МТК коды бірегей және мекенжай беру объектісінің барлық циклі кезінде тұрақты болып табылады.

«Тұрғын үй типі» жолында «V» белгісі бір жерге ғана қойылады, тұрғын үй типтерінің біреуі көрсетіледі:

1) бір пәтерлі (жеке) – үй жанындағы учаскеде орналасқан және шаруашылық пен басқа да құрылыстарымен және жасыл желекті екпелерімен бірге азаматтың меншігіндегі жеке (отбасымен) тұруға арналған үй;

2) екі пәтерлі – екі пәтерден тұратын үй;

3) үш және одан да көп пәтерлі үй – үш және одан да көп пәтерден тұратын үй.

«Үйдің жағдайы» деген жолда «V» белгісі бір жерге ғана қойылады, тұрғын үй типтерінің біреуі көрсетіледі:

1) тұрғын (тұру үшін жарамды, ескірген, апатты, бос немесе иесіз);

2) істен шыққан үй (істен шыққан күні мен себебі).

Үйдің істен шығу себебі: ескіру, табиғат апаттары, қайта жабдықтау, апаттан, тастап кеткен үй және басқалар.

Бос үйлер дегеніміз, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына онда ешкім тұрған жоқ деген дәйекті мәліметтер бар ауылдық жерлерде орналасқан тұрғын үйлер. Иесі жоқ, немесе иесі белгісіз тұрғын үй, не меншік құқығынан иесі бас тартқан тұрғын үй иесіз үйлер болып табылады.

Ескірген тұрғын үйлерге қаңқа-қамысты, салынғанына 35 жылдан асқан үйлер, қызмет мерзімі 100 жыл ортақ жабындысы бар кірпіш үйлер, бірақ бұл ретте оларды пайдалану мерзімі 70 жылдан асқан.

Қызметтік тұрғын үй – мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан берілетін және өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты міндеттерін орындауы кезеңінде Қазақстан Республикасы азаматтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтарын қоныстандыруға арналған айрықша құқықтық режимдегі тұрғын үй.

Ведомстволық тұрғын үй қоры – министрліктің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың құзыретіндегі басқа құрылыстардағы тұрғын үй мен тұрғын үй-жайлар.

20. Жалпы және тұрғын алаңның көлемі тұрғын үй-жайдың жоспары негізінде,

жоспар болмаған немесе жоспардан ауытқулар болған жағдайда үй-жайлардың ішін өлшеу бойынша айқындалады және толық шаршы метрде көрсетіледі.

Тұрғын үйдің тұрғын алаңы – тұрғын үйдегі (пәтердегі) тұрғын бөлмелердің (жатын бөлменің, қонақ бөлменің, балалар бөлмесінің, үйдегі кабинеттің және сол сияқтылардың) шаршы метрмен есептелетін алаңының жиынтығы;

21. Тұрғын үйдің жалпы алаңына:

Тұрғын үйдің пайдалы алаңының және нормативтік-техникалық актілерге сәйкес төмендететін коэффициенттер қолданылып есептелетін балкондар (лоджиялар, дәліздер, террасалар) алаңдарының жиынтығы кіреді;

Тұрғын үйдің жалпы алаңына:

б а с п а л д а қ а л а ң ы ;

шығып тұратын конструктивті элементтер және жылыту пештері орналасқан; жапсарластырыла салынған, жылытылмайтын үй-жайлар (террасалар, дәліздер, балкондар, лоджиялар), сондай-ақ жылытылмайтын мансардтар мен мезониндер;

жеке тұратын асүйлер, моншалар, қоралар, күркелер және басқалар; киіз үй, жазғы саябақ, бау-бақша маңындағы үйлер және уақытша тұру үшін бейімделген басқа үй-жайлар (вагондар, жер үйлер және басқалар) алаңдары кірмейді.

22. Абаттандыру тиісті шаруашылыққа жататын үйге немесе үйдің бөлігіне жүргізіледі. Тұрғын үй қорын абаттандыруды өзектендіру кезінде тұрғын үй-жай жабдықталған деп есептелетінін ескеру қажет:

егер үйде электр сымдары болса, электр тоғымен;

егер үйдің ішінде су орталықтандырылған су құбырынан немесе артезиандық ұңғымадан түсетін тарату желісі болса, үйдегі (пәтердегі) су құбырымен;

егер үйдің (жеке тұрған асүй және соған ұқсас) сыртында су орталықтандырылған су құбырынан немесе артезиандық ұңғымадан түсетін тарату желісі болса, үй (пәтер) с ы р т ы н д а ғ ы с у қ ұ б ы р ы м е н ;

егер үй ауласында құдық немесе су таратқыш шүмек (колонка) немесе басқа да сумен жабдықтау көздері болса, құдықпен, колонкамен немесе басқа да сумен ж а б д ы қ т а у к ө з д е р і м е н ;

егер үйде жоғарыда көрсетілген сумен жабдықтау көздері болмаса және ауыз суды жеткізу басқа өңірлерден, алыс орналасқан су көздерінен және соған ұқсас, көлікпен жүзеге асырылса, ауыз суды жеткізумен;

егер үйдің ішінде көшедегі кәріз желісіне шаруашылық нәжіс суларының ағуына арналған кәріз құрылғысы немесе сорғыш құдықтар болса, орталық кәрізбен жабдықталған деп есептелетінін, су құбыры жоқ, сондай-ақ биодәретханасы бар болған жағдайда тұрғын үй кәрізбен жабдықталған тұрғын үй деп есептелмейтінін;

егер өз үйінде жылу қазандығы, топпен (орамдық), біріккен және аудандық қазандық, ЖЭО болса, орталықтан жылытумен;

жеке қондырғылармен жылытумен: егер жылу қондырғыларынан немесе дәстүрлі

тұрғын үйдің ішінде тұрған немесе үлкен жеке үйлердің немесе коттедждердің және уақытша шағын үйлердің иелерінде айрықша жағдайлар үшін қосымша нұсқа ретіндегі газ және қатты, сұйық отынмен жағылатын жабдықтан жылыту бар болса, пешпен жылытумен;

егер жеке ванна бөлмесімен қатар, осы мақсаттар үшін арнайы жабдықталған бөлмеде ыстық судың түсу тәсіліне (орталықтан, әр пәтердегі жылытқыштан, шағын көлемдегі жылыту қазандықтарын қоса алғанда, газды (ағашты) колонкадағы) байланыссыз ванна немесе себезгі орнатылса, стационарлы ваннамен немесе себезгімен жабдықталған деп есептелетінін, ванна (себезгі) орнатылып, ал кәріз жоқ болса тұрғын үй ваннамен немесе себезгімен жабдықталған деп есептелмейтінін;

егер тұрғындардың тұрмыстық мұқтажы үшін ыстық суды орталықтан беретін арнайы су құбыры болса, орталық ыстық сумен қамтамасыз етумен;

егер пәтердегі су жылытқыштардан, газды (ағашты) колонкалардан, кіші жылу қазандықтарын қоса алғанда ыстық су беретін арнайы су құбыры болса жеке су жылытқыштан ыстық сумен қамтамасыз етумен;

егер желілік табиғи газбен жабдықталған еденүсті газ плитасы болса, желілік (табиғи) газбен;

егер сұйытылған (баллондағы) газбен жабдықталған еденүсті газ плитасы болса, сұйытылған (баллондағы) газбен жабдықталған деп есептелетінін, сондай-ақ газбен жабдықталған еденүсті газ плитасы орнатылған бөлек тұрған асүйі бар үй газдандырылған деп есептелетінін;

егер еденүсті электр плитасы болса, еденүсті электр плитасымен жабдықталған деп есептеледі, еденүсті электр плитасы орнатылған бөлек тұрған асүй (асүйге арналған арнаулы күрделі ғимарат) бар үй еденүсті электр плитасымен жабдықталған деп есептелетінін ескеру қажет.

23. Сыртқы қабырғалардың материалдары – үйдің сырты (сыртқы қабырғасы) салынған құрылыс материалдары. Егер қабырғалар бірнеше материалдардан салынса, басым материал көрсетіледі.

24. III «Жеке меншіктегі және пайдаланудағы жерлер» бөлімінде әрбір шаруашылық бойынша А кіші бөлімінде 1 қаңтарға шаруашылықтың жеке меншігіне жататын барлық жер алаңы жазылады. Халықтың жеке қосалқы шаруашылығын жүргізуге арналған жер ауданы туралы деректер жер учаскесіне жеке меншік құқығын иелену актісінен жазып алынады. Жер бойынша барлық көрсеткіштер шаршы метрмен тоқтырылады.

III бөлімінің Б кіші бөлімінде басқа да жер иелерінен қолданысқа алынған жерлер жазылады. Мұнда 1 шілдедегі жағдай бойынша шаруашылық қолданатын егістіктер, табиғи пішендіктер және жайылымдар көрсетіледі.

25. III бөлімінің В бөлімінде ағымдағы жылғы астыққа егілген ауыл шаруашылығы дақылдарының егісі (барлық егіс алқабы) туралы деректер шаршы метрмен

шаруашылық иесіне (немесе шаруашылықтың ересек мүшелеріне) сұрау жүргізу арқылы толтырылады. Ауыл шаруашылығы дақылдарын егу үй іргесіндегі учаскелердегі және бөлінген бау-бақшалар егістерін қамтиды.

Қатараралық бау-бақшаларда егістер тиісті дақылдың егіс алаңының қорытындысына және барлық егіс алаңының қорытындысына кіреді. Қатараралық жырттылып өндірілген дақылдардың егістігі, сондай-ақ қайталап егілетіндер (аңыздықтар) егіс алаңына кірмейді. Егіс алаңында бау-бақшалар, жидек егісі, жасыл көгал, сүрлеу жолдар және ауылшаруашылығы дақылдары егілмеген басқа да алаңдар е с е п т е л м е й д і .

«Дәнді (күрішті қоспағанда) және бұршақты дақылдар» жолы бойынша дән түрінде пайдалануға арналған сақталып қалған күздік (бидай, кара бидай, арпа) және астық түрінде қолдануға арналған жаздық дәнді дақылдар (бидай, арпа, сұлы, масақтылар қоспасы, жүгері, тары, қарақұмық, күріш, құмай жүгері, дәнді бұршақтылар) егісі енгізіледі. Басқа мақсаттарға (көк азыққа, сүрлемге, пішенге) арналған дәнді дақылдар б ұ л ж о л ғ а е н г і з і л м е й д і .

15-жолдан есепті жылы егілген дәнді дақылдардың түрлері бойынша егістіктер белгіленеді (16-28-жолдар). Жүгері егісіне (17-жол) сүрлем мен жасыл азыққа пайдаланылатын, сүттенгенге дейінгі балауыз, сүтті-балауыз және балауызданып піскендерді алып тастағанда, толық піскен жүгерінің дәні кіреді. Бұл дақылдар азық дақылдары бойынша (66-жол) көрсетіледі.

29-37-жолдар бойынша тиісінше майлы дақылдардың, оның ішінде: соя бұршақтары, жер жаңғағы, шашақты зығырдың тұқымдары, қыша тұқымдары, рапс тұқымдары, күнбағыстың тұқымдары, мақсары тұқымдары және басқа да дақылдарға арналған алаңдар көрсетіледі. Күнбағыс егісіне ағымдағы жылы өндірілген егістер, сондай-ақ қыстың алдында өндірілген күнбағыстың дәнге сақталған егістері кіреді. Күнбағыстың сүрлемдік егістері бұл көрсеткішке кірмейді.

38-жол бойынша күріш егістігіне арналған алаң көрсетіледі.

«Көкөністер және бақша дақылдары, тамыр жемістілер және түйнек жемістілер» 39-57-жолдар бойынша қырыққабат, бұрыш, қияр, баялды, қызанақ, асқабақ, кәді, асханалық сәбіз, сарымсақ, басты пияз, шомыр, шалғам, асханалық қызылша, қауын, қарбыз, картоп, қант қызылшасы, саңырауқұлақ және өзге де көкөністер егілген а л а ң д а р е н г і з і л е д і .

58-жол бойынша темекі егісінің алаңы көрсетіледі.

59-жол бойынша дәннен тазартылған немесе тазартылмаған мақта көрсетіледі, оған көлеңкелеу үшін жағалай отырғызылған тұт ағашының жолақтары, жеке тұрған ағаштардың көлеңкелік алаңын қоса алғанда мақта егісінің барлық нақты алаңы е с е п т е л е д і .

Азықтық дақылдар бойынша (60-68-жолдар) барлық азықтық дақылдардың егістері: азықтық тамыржемісті дақылдар, дәнді және дәнді бұршақты, азықтық бақша (азықтық

асқабақ, азықтық қарбыз және азықтық кәділер), азықтық жүгері, азықтық қырыққабат, дақылдық себілген пішендіктер және жайылымдар (көпжылдық және біржылдық) және басқа да егістер көрсетіледі.

69-жол бойынша ашық жерде өсірілетін гүл егістігіне арналған алаңдар көрсетіледі.

Көпжылдық дақылдар алаңдары бойынша деректер жеке Г кіші бөлімімен бөліп көрсетіледі (70-85 жолдар бойынша).

26. IV «Шаруашылықтың жеке меншігі болып табылатын мал (басы)» бөлімінде мал басы, құстар және басқа да ауылшаруашылығы жануарлары туралы деректер шаруашылық (отбасы) иесінің немесе шаруашылықтың ересек мүшелерінің қатысуымен малдың нақты барын қайта есептеу арқылы жазып алынады. Нақты бар мал басын қайта есептеу мал қорада болған уақытта жүзеге асырылады. Құс санын жазу шаруашылық иесінен немесе шаруашылықтың ересек мүшелерінен сұрау жүргізу бойынша жазып алынады.

Егер нақты қайта есептеуді жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, мысалы, мал жайылымда немесе жұмыста болғанда, мал басы туралы деректер үй шаруашылығының иесінен немесе шаруашылықтың кәмелеттік жастағы мүшесіне сұрау жүргізу арқылы жазып алады.

Егер шаруашылықта осы үй шаруашылығының адамдарына тиісті емес мал бар болса, Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қорында осы малдың кімнің атына тіркелгендігін нақтылау және бұл ақпаратты Қосымша мәліметтерде көрсету қажет.

Малдың есепке алу кезінде малдар мен құстардың түрлері «Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтердің) статистикалық жіктеуішіне» сәйкес белгіленеді.

Ірі қара малдың басы жөніндегі деректерді толтыру кезінде сүтті табынға қара ала, голштин фриз, қызыл далалық, әулиеата, айршир, латвиялық қоңыр сияқты тұқымдар кіретінін ескеру керек. Етті табынға қазақтың ақбас, әулиекөл, ангус, герефорд, обрак, шароле, лимузин, санта-гертруда, галловей, қалмақ сияқты тұқымдар жатады. Тұқымы жоқ малды пайдалану мақсатына қарай (ет немесе сүт алуға) сүтті немесе етті табынға жатқызады, яғни адамның ары қарай тұтынуы немесе өткізуі үшін сиырдан сүт алатын болса, онда мұндай сиырларды сүтті табынға жатқызады.

27. Мал саны туралы нақты деректер алу мақсатында әр шаруашылық бойынша есепке алу деректеріне нақтылауды жүргізетін адамдар қаңтардың 1-інен 20-ына және шілденің 1-інен 20-ына дейінгі кезеңде оларға тапсырылған учаскедегі барлық шаруашылықтарды осы шаруашылықтарда малдың бар не жоқ екендігіне қарамастан, аралап шығады және бұл ретте көрші учаскемен (елді мекенмен) шектелетін аулалардың қалып қоймауына ерекше назар аударылады.

«Балық және басқа су жануарларын аулау, кг» (41-жол) жолы бойынша үй шаруашылығының мүшелері бір жылдың ішінде табиғи ортада аулаған балықтың және

басқа да су жануарларының саны килограммен көрсетіледі.

28. V бөлім «1 қаңтардағы ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарының қолда бары туралы мәліметтер» бос жолдарда Өнеркәсіптік өнімдердің статистикалық жіктеуішіне сәйкес енгізіледі:

ауыл және орман шаруашылығына арналған тракторлар;  
с о қ а л а р ;  
қопсытқыштар және культиваторлар;  
делегейлі және ара үлгісіндегі тырмалар;  
ротаваторлар (топырақтық фрезасы бар механикаландырылған культиваторлар);  
өзге де тырмалар, отауыштар және кетпендер;  
с е п к і ш т е р ;  
минералды және органикалық тыңайтқыштарды шашқыштар;  
тракторға құрастырылған шалғыларды қоса алғанда, шалғылар;  
б ү й і р л і т ы р м а л а р ;  
сабан немесе шөпке арналған іректеуіш престер;  
картоп қазғыштар және картоп жинағыш машиналар;  
қ а т а р л а п д е с т е л е г і ш т е р ;  
қызылша егісінде сабақ кескіш машиналар және қызылша жинайтын машиналар;  
а с т ы қ ж и н а й т ы н к о м б а й н д а р ;  
сүрлем жинайтын және жүзім жинайтын комбайндар, ағаштар мен бұталардан  
жемістер мен жидектерді жинауға арналған машиналар;  
м а қ т а ж и н а й т ы н м а ш и н а л а р ;  
з ы ғ ы р ж и н а й т ы н м а ш и н а л а р ;  
жүгері жинайтын машиналар, жеміс түптерін жұлға арналған машиналар, собық  
тазартқыштар және өзге де өнім жинайтын машиналар;  
с у а р у қ ұ р а л д а р ы ;  
ауылшаруашылық тракторларына орнатуға арналған ұнтақ бүріккіштер мен  
ш а ш қ ы ш т а р ;  
с а у у м а ш и н а л а р ы ;  
жануарларға жем дайындауға арналған машиналар;  
т р а к т о р т і р к е м е л е р і ;  
тұқымдарды, дәнді немесе құрғақ бұршақты дақылдарды тазалауға, сұрыптауға  
немесе калибрлеуге арналған машиналар;  
ж ү к а в т о м о б и л ь д е р і к ө р с е т і л е д і .

Егер шаруашылықта бөлімде көрсетілмеген ауыл шаруашылығы техникасы болса, онда сол техниканы да бос жолдарға енгізіледі.

«Өнімдерді өңдеуге арналған жабдықтар» жолы бойынша бос жолдарда келесі жабдықтардың мынадай түрлері:  
сүтті өңдеуге және қайта өңдеуге арналған жабдықтар;

басқа топтамаларға енгізілмеген дән мен кептірілген көкөністерді ұсақтауға немесе өңдеуге арналған жабдықтар; электрлі емес наубайхана пештері; тамақ дайындауға немесе ысытуға арналған тұрмыстық емес жабдықтар; нан-тоқаш өнімдерін өндіруге арналған жабдықтар; етті немесе үй құсының етін қайта өңдеуге арналған жабдықтар; жемістерді, жаңғақтарды немесе көкөністерді қайта өңдеуге арналған жабдықтар; өсімдік немесе жануарлар майларын немесе тоң майды сығындауға, дайындауға арналған жабдықтар көрсетіледі.

Егер қандай да бір шаруашылықтардың бөлімде көрсетілмеген ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін басқа да жабдықтары болған жағдайда, оны да сол бос жолдарға енгізеді.

29. VI «1 қаңтарға ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға және мал ұстауға арналған құрылыстар, басқа да құрылыстар» бөлімінде жарықтандыруы, арнайы жабдығы, температуралық режимді ұстап тұратын желдеткіші бар жерасты және жерүсті күрделі құрылыстар мен ғимараттар бойынша ақпарат енгізіледі.

Құрылыстар бойынша көрсеткіштер «Негізгі қорлар жіктеуішіне» (бұдан әрі - НКЖ), осы Әдіснаманың 8-қосымшасына сәйкес енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар мен ғимараттардың сыйымдылығы қойманың сақтау орнының немесе ғимараттың пайдалы көлемін өнімнің 1 текше метрінің орташа салмағына көбейту арқылы есептеледі.

«Ауыл шаруашылығы малдарын ұстауға арналған құрылыстар» жолы бойынша бос жолдарда құрылыстың түрі көрсетіледі: ірі қара мал, шошқа, қой мен ешкі, жылқы, өзге де малдар, құс ұстауға және малдарды бірге ұстауға, басқа да түрлеріне арналған, сондай-ақ құрылыс түрлері бойынша мал орындарының саны көрсетіледі. Әртүрлі малдарды бірге ұстауға арналған құрылыстарға мал орнының саны қойылмайды.

«Өсіруге арналған жылыжайлар» жолы бойынша жабық жерде көкөністер мен саңырауқұлақтар, гүлдер мен басқаларды өсіруге арналған алаңдар бойынша деректер енгізіледі. Алаң шаршы метрмен көрсетіледі.

#### **4. Шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша жазбаларды жүргізу тәртібі**

30. Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағында тіркелген құрылысы, мекені және малының болуына қарамастан, барлық шаруа немесе фермер қожалықтары әр шаруашылық бойынша есепке алумен қамтылады.

Шаруа немесе фермер қожалықтарының басшысы басқа көшеге немесе басқа елді мекенге тұрғылықты орнын өзгерткен жағдайда «Шаруа немесе фермер қожалықтары басшысының тұрақты тұратын жері» жолында бұрынғы мекенжайы жаңа мекенжайға ауыстырылады.

Егер шаруа немесе фермер қожалығы бірнеше қожалыққа тарап кетсе, онда бұрынғы қожалықтың мекенжай бөлігін сызып тастап, себептерін жазады («...-ке бөлінді») және жерге ие болу туралы жаңадан берілген актінің нөмірі және күні қойылады. Содан кейін жерге ие болу актісі мен басқа да құжаттарға сәйкес жаңадан құрылған шаруашылықтарды енгізеді.

Шаруа немесе фермер қожалығының мекенжайы оған ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге арналып берілген жер үлесінің нақты тұрған жеріне сәйкес болуы қажет. Егер елді мекеннен тыс жерлер бар болған жағдайда, онда ол «шаруа немесе фермер қожалығының қосымша мекенжайы» жолы бойынша көрсетіледі.

Шаруа немесе фермер қожалықтары қызметінің негізгі бағыты: өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы немесе аралас шаруашылық (өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы) болып табылады.

31. I «Шаруа немесе фермер қожалықтарының құрамы туралы мәліметтер» бөлімі жылына бір рет 1 қаңтарға толтырылады.

1-жол бойынша ауылшаруашылығы өндірісімен шұғылданатын қызметкерлердің орташа жылдық санын көрсетеді. Оларға шаруа немесе фермер қожалығының барлық жұмыс істейтін мүшелері, осы шаруа немесе фермер қожалығында жалданып жұмыс істейтін азаматтар (еңбек шарты немесе келісімшарт бойынша қабылданған), соның ішінде маусымдық жұмысқа тартылғандар жатады.

Қызметкерлердің орташа жылдық санын есептеу үшін есептеу арқылы анықталатын қызметкерлердің орташа айлық санын пайдаланады. Мысалы. 3-20 мамыр аралығында 5 жалдамалы қызметкер 18 күнді жұмыспен өтеді. Мамырдағы жалдамалы қызметкерлер санының жиынтығы 1 күнде жұмыс істейтіндердің санын осы айдағы жұмыспен өтелген күн санына көбейту арқылы есептеледі ( $5 \times 18 = 90$  адам-күндер). Мамырдағы жалдамалы қызметкерлер санының жиынтығы 90 адам-күнді құрайды, мамырдағы күнтізбелік күннің саны 31, жалдамалы қызметкерлердің тізімдік саны орта есеппен мамырда 3 адамды ( $90/31$ ) құрады, оған шаруа қожалығының тұрақты жұмыс істейтін мүшелерінің санын қосамыз, мысалы 4 адам, сонда  $3+4=7$  (адам) шығады.

